# 2023 жылдың 16 желтоқсанына сәйкес "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-дағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

*(Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 3-тарауының 25-тармағы тәртібінде)*

**"Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" 2023 жылғы 10 қарашадағы № 169 бұйрыққа сәйкес 2023 жылғы 16 желтоқсаннан 2024 жылғы 30 қаңтарға дейін жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесінде мыналар анықталды:**

**1. Персоналды басқару**

*Персоналды басқару бойынша Қордың НҚА мен ІНҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы және оны жою жөніндегі ұсынымдар жоқ.*

**2. Мүдделер қайшылығын реттеу**

*Қордың қызметінде мүдделер қайшылығы, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер бөлігінде байқалмайды, осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы және оны жою жөніндегі ұсынымдар жоқ.*

**3. Мемлекеттік қызмет көрсету**

*Қор мемлекеттік қызмет көрсетпейді.*

**4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру**

*Қордың рұқсат беру функцияларын іске асыруға өкілеттігі жоқ.*

**5. Бақылау функцияларын іске асыру**

*Қордың бақылау функцияларын іске асыруға өкілеттігі жоқ.*

**6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;**

*Қор дербес шаруашылық жүргізуші субъект болып табылады және мемлекеттік бюджет және қаржы қаражатын бөлу жөніндегі өкілеттіктерге ие емес. Өз бюджетін бекіту және қаржы қаражатын бөлу кезінде жеке-дара шешімдер қабылданбайды, алқалы басқару органы - Директорлар кеңесі, атқарушы орган - Қордың Басқармасы.*

**7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;**

*Шарттар жасасуды регламенттейтін Қордың НҚА мен ІНҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, осыған байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы және оны жою жөніндегі ұсынымдар жоқ.*

**8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;**

*Ақпараттық жүйелерді сатып алу және пайдалану жөнінде шарттар жасасуды регламенттейтін Қордың НҚА және ІНҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.*

**9. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер**

*Талдау нәтижесінде Қор қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануы, материалдық құндылықтарды иемденуі (ұрлауы) салдарынан Қордың мүдделеріне шаруашылық жүргізуші субъект ретінде зиян келтіру Қор үшін ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелі болып табылатыны анықталды.*

*Қорда мұндай сыбайлас жемқорлық тәуекелдер орын алмаған. Мұндай тәуекелдің ықтималдығы төмен.*

*Осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауын болдырмау мақсатында:*

- *мүдделер қайшылығын уақтылы жоюмен үнемі мониторинг жүргізу.*
- *қызметкерлердің толық материалдық жауапкершілігі және уақтылы есептілігі туралы шарттардың бар-жоғына үнемі мониторинг жүргізу.*

**"Проблемалық кредиттер қоры" АҚ**